

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ

Қ. А. ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ - ТҮРКІК  
УНИВЕРСИТЕТИ

ӘОЖ -621.4., 623.382

Колжазба құқығында

Бекболатов Алимжан Берикбаевич

КҮШТІК ТРАНСФОРМАТОРЛАРДЫҢ ЕСЕПТІК ПРОЦЕДУРАЛАРЫН  
АЛГОРИТМДЕУ

6M071800 – ЭЛЕКТР ЭНЕРГЕТИКАСЫ мамандығы бойынша электр  
енергетика ғылымдарының магистрі академиялық дәреже алу үшін магистрлік  
диссертация

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ  
Қ.А.ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК  
УНИВЕРСИТЕТИ

Көрғауға жіберілді:  
Электр инженерия кафедрасының  
менгерушісі техн.ғ.к., доцент  
Айтжанов Н.М.  
«\_\_\_» 2015ж.

**Магистрлік диссертация**

КУШТІК ТРАНСФОРМАТОРЛАРДЫҢ ЕСЕПТІК ПРОЦЕДУРАЛАРЫН  
АЛГОРИТМДЕУ

Мамандығы: 6М060200 – ЭЛЕКТР ЭНЕРГЕТИКА

Магистрант \_\_\_\_\_  
(қолы) Бекболатов А.Б.  
(аты-жөні, тегі)  
Гылыми жетекшісі,  
т.ғ. докторы \_\_\_\_\_  
(қолы) Рустамов Н.Т.  
(аты-жөні, тегі)

## МАЗМҰНЫ

<b>KІРІСПЕ</b>	.....	5
<b>I ТАРАУ. КҮШТІК ТРАНСФОРМАТОРЛАРДЫҢ ЖҰМЫС ИСТЕУ ПРОЦЕССІНІҢ АНАЛИТИКАЛЫҚ КӨРІНІСІ</b> .....		
1.1. Трансформаторлардың жұмыс істеу принципі мен конструкциясы.....	7	
1.2. Трансформатор кернеулерінің тендеуі.....	15	
1.3. Магнит қозғаыш күштер мен тоқтардың тендеулері.....	18	
1.4. Келтірілген трансформатордың орын басу сұлбасы мен екінші ораманың параметрлерін келтіру және векторлық диаграммасы.....	22	
1.5. Үш фазалы тоқты түрлендіру мен үш фазалы трансформатордың орамаларын жалғау сұлбасы.....	26	
1.6. Келтірілген трансформатордың орын басу сұлбасы мен екінші орамаға келтірілген параметрлер.....	21	
1.7. Трансформатордың векторлық диаграммасы.....	24	
1.8. Үш фазалы тоқты түрлендіру мен үш фазалы трансформаторлардың орамаларын жалғау сұлбасы.....	26	
<b>II ТАРАУ. ТРАНСФОРМАТОРЛАРДЫҢ ОРЫН БАСУ СҰЛБАЛАРЫ</b> .....		
2.1 Трансформаторлардың орын басу сұлбаларының параметрлерін тәжірибелі түрде анықтау.....	33	
2.2 Трансформатордың қарапайым векторлық диаграммасы.....	40	
2.3 Трансформатордың сыртқы сипаттамасы.....	41	
2.4 Трансформатордың ПЭК мен және шығындары.....	44	
2.5 Орамаларды жалғау топтамалары.....	47	
<b>III ТАРАУ. ТРАНСФОРМАТОРЛАРДЫ ЕСЕПТЕУ АЛГОРИТМІ БОЙЫНША ТӘЖІРИБЕЛІК БӨЛІМ</b> .....		
2.1. Күштік трансформаторларды есептеу процедураларын алгоритмдеу. Delphi Borland программасында күштік трансформаторларды есептеу процедурасының құрылуды.....	52	
2.2. Күштік трансформаторды есептеу программасы. 3D Max программасында күштік трансформаторлардың конструкциясы және жобалау кезінде есептеу алгоритмінің процедураларының құрылуды.....	55	
ҚОРЫТЫНДЫ.....	69	
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	70	

## АНДАТПА

Диссертациялық жұмыста күштік трансформаторлардың жинау алды есеп процедурасы туралы аналитикалық және бейнелік мәліметтер қарастырылып, бұл процедураның өте курделі процедура екендігі көрсетілген. Сонымен қатар есеп процедурасына жеңілдету алгоритмдік әдістері жасалған. Бұл программалық әдіс күштік трансформаторларды жобалау кезінде туындастын есеп қыыштылықтарын жеңілдетіп, тәжірибеде көрсетеді. Есептеудің реттілік алгоритмдары 3D кеңістігінде қарастырылып, ұсынылған алгоритмнің дәлдігін көрсетеді.

Жобаланған есептеу процедурасы алдымен Delphi программасында есептегеннен соң бұл процедура 3D Max программасында комплекс арқылы бейнелі түрде түсіндіріледі. Бұл диссертация жұмысының нәтижелерін тек қана трансформатор заводының конструкторлық бөлімінде ғана емес, сонымен қатар оқу процесінде электрондық окулық ретінде қолдануға болады.

## АННОТАЦИЯ

В диссертационной работе рассмотрены аналитические и визуальные данные сложных расчетных процедур для конструкционной сборки силовых трансформаторов. В связи с этим, разработан упрощенный алгоритмический метод расчетных процедур. Этот программный метод дает возможность облегчить сложность расчетов на практике, возникающую при проектировании силовых трансформаторов. Порядковые алгоритмы расчета, выполненные этим программным методом, рассматриваются в пространстве 3D и доказывают точность расчетов.

Проектируемая расчетная процедура сначала рассчитана на программном языке Delphi, после того она комплексно представлена в верbalном виде с помощью программы 3D Max.

Полученные результаты можно использовать не только в конструкторском отделении трансформаторного завода, но и как электронный учебник в учебном процессе.

## ANNOTATION

In the dissertation work there are taken up analytical and verbal accesses of complexity calculation procedures for construction of power transformers. In addition, there is reviewed an algorithmic method for calculated procedures. The algorithmic method gives us chance to simplify complexity of calculations in a practice, which arises in projecting power transformers. Ordinal algorithms of calculation are shown in the 3D space, thereafter proven accuracy of calculations.

Calculated procedure at the beginning of the work is performed in the program Delphi, then presented through verbal view. As a result, this can be used not only in a constriction department a transformer plant and as electronic textbook in educational process.

OKY YuuuiH

## АНЫҚТАМАЛАР

Осы магистрлік диссертацияда сәйкес анықтамалары бар келесі терминдер пайдаланылды:

**Delphi** бағдарламалау жүйесі – бүгінгі күнде бағдарламаларды жасауға арналған кең қолданылатын жүйелердің бірі болып табылады. Бұл программаның аты Кориноф бұғазының ежелгі грек қаласы Дельфы атымен байланысты. Оның құрамындағы саймандар мен компоненттердің көмегімен бағдарламалар жобалары құрастырылады.

**Autodesk 3D Max** – Autodesk компаниясымен өндөліп шыққан екі және үш өлшемді графиканы жасау мен сол графикалардың анимациясын қарастыратын профессионалды көп функциялы жүйелі программа.

**Macromedia Flash** – web технологиясы мен мультимедиялық презентацияларды орындаудың мультимадиялық платформалық программа. Macromedia Flash программының видео мен аудиобасылымдарды жасап шығуда және ойындардың анимациясын орындауда қолданылады.

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

X1	– трансформатор түрі
МТ	– майлы трансформатор
КТ	– құрғақ трансформатор
X2	– трансформатордың жасалу түрі
ЖК	– жоғары кернеу
ТК	– төменгі кернеу
Y/Y <sub>H</sub>	– жұлдызша және жұлдызша нөлдік өткізгішімен
Δ/Y <sub>H</sub>	– үшбұрышша және жұлдызша нөлдік өткізгішімен
Y/Z <sub>H</sub>	– үшбұрышша және зигзаг нөлдік өткізгішімен
Y/Δ	– жұлдызша және үшбұрышша
Δ/ Y	– үшбұрышша және жұлдызша
YT	– үш фазалы трансформатор
БТ	– бір фазалы трансформатор
ТКТО	– төменгі кернеудің таратылма орамасы
ЖКТО	– жоғары кернеудің таратылма орамасы
БЖР	– бос жүріс режимі
НТ	– номиналды тоқ
НК	– номиналды кернеу
НҚ	– номиналды қуат
КТТ	– қысқа түйікталу тоғы
БЖК	– бос жүріс кернеуі
КТ	– құйынды тоқтар
ЖКР	– жүктеме кезде кернеуді реттеу
3D Max	– үш өлшемді кеңістік

Delphi	—	графикалық программа
Interface	—	Delphi платформасы
Macromedia	—	екі өлшемді кеңістік
Flesh		

OKY Yuziin

## КІРІСПЕ

**Жұмыстың өзектілігі.** Жапы электр энергиясындағы сұрақтарды шешу үшін әрқашан негізгі үш мәселе қозғалып отырады: электр энергиясын өндіру, сол өндірілген энергияны тарату сосын оны тұтыну. Осы электр энергиясын тарату үшін күштік трансформаторлар қосалқы станцияларда айнымалы тоқтың кернеуінің бір мәнін айнымалы тоқтың кернеуінің баска мәніне өзгерту мақсатында қолданылады.

Қазіргі заманғы трансформаторлар әр түрлі конструктивті элементтерден тұрады: магнит өзекшесінен, орамалардан, бактен. Трансформатордың активті бөлігін магнит өзекшесіне орнатылатын стержінмен жабдықталатын орама құрайды, ал қалған элементтері қосымша бөліктері болып есептеледі.

Трансформаторларды өндіріске шыгару үшін ең алдыменен оны жобалау керек. Бұл процедура өте күрделі және көп уақытты талап етеді. Мысалы, трансформатордың бос жүріс режимінде трансформация коэффициентін бағалау үшін алдын – ала берілген кіріс және шығыс кернеулерін туындалатын бірінші және екінші орамдардың орам сандарын есептеуге тура келеді. Тағы да бұл трансформатордың ферромагниттік пластинкаларының ауданы және олардың гистерезистік қасиеттерін есептеуге тура келеді. Бұл есеп процедураларының нәтижесі өндіріске шыгарылатын трансформатордың сапасына тікелей әсер етеді.

Сондықтан осы есеп процедураларын нақты және оперативті қамтамасыз ету сапалы трансформаторларды өндіруге себеп болады. Осы айтқанымыздан көрініп түрғандай трансформаторлардың параметрларын есептеу процедурасын автоматтаңдыру өте тыымды нәтиже береді. Осы айтқандарымызды қортындылай келе магистрлік диссертацияның тақырыбы өте өзекті екендігі көреміз.

**Зерттеудің мақсаты.** Трансформатор өндіретін өндіріс орындарында трансформаторларды жобалау проблемасы өте күрделі, сондықтан бұл жұмыстың мақсаты есеп процедураларын жеңілдетіп бейне түрде жобалаушыларға жеткізу болып саналады. Бұл мақсатқа жету үшін төмендегі мәселелерді шешуге тура келді:

- күштік трансформатордың есептерінің алгоритімін құру;
- есептеуді Borland Dilph программалау тілінде орындау;
- Borland Dilph программалау тілінде трансформатордың параметрлерінің мәндерін есептеу арқылы уақыт тиімділігін арттыру;
- есептеулер нәтижесінде шыққан мәндер бойынша сол есептеген трансформатордың конструкцияларын реттілікпен жинақталу анимациясын 3D Max дизайнерлеу программасында көрсету;
- дизайнерлік программалау бойынша жасалатын анимациялық көріністі оқу құралы ретінде пайдалануға қол жеткізу.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы.** Өндіріске шыгаратын трансформаторлардың барлық 100 – дең астам параметрларының есептеу процедурасының алгоритмдеу диссертацияның негізгі жаңалығы болып саналады. Осы алгоритмдерді 3D кеңістігінде бейнелі (вербалды) түрде

жобалаушыларға ұсыну диссертациялық жұмыстың кейінгі жаңалығы болып саналады. Диссертациялық жұмыстың соңғы жаңалығы жобалау процедурасының оперативтік дайындауы болып, мұның салдары өндіріске шығарылатын трансформаторлардың сапасын көтеру болады.

**Зерттеу нәтижелерінің ғылыми және тәжірибелік маңыздылығы.** Уақыт өте трансформаторлардың шығынын азайту мақсатында жасалып жатқан есептеулер жаңа трансформаторлар түрін табуға септігін тигізеді. Осы есептеулер үшін жасалған программалық комплекс оку процедурасына және өндірістің КБ – ларына электрондық оқулық ретінде пайдаланса болады.

**Магистрлік диссертация жұмысының құрылымы мен көлемі.** Диссертация кіріспеден, екі тараудан, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Жұмыс негізгі мәтін параграфта 71 бетте баяндалып, 9 сурет және 7 кестемен сипатталған. 63 әдебиет көзі қолданылған.

**Негізгі сөздердің тізбесі:** күштік трансформатор, трансформаторлардың есебі, алгоритимдер, программау тілі.

### **Жарияланымдар туралы мәліметтер.**

Магистрлік диссертацияның негізгі мазмұны төмендегі тізімдегі 2 баспа жұмысында Болгария мемлекетінде жарық көрген.

1. Algorithmization of Calculated Procedures of Power Transformers // Болгария ВСУ Черноризец Храбър Университет. – 2014. E – Journal VFU., ISSN 1313-7514. Формите на собственост като детерминанти на планирането и регулирането – The forms of ownership as determinants of planning and regulation (in Bulgarian).

2. Program for the calculation of power transformer // Болгария ВСУ Черноризец Храбър Университет. – 2014. E – Journal VFU., ISSN 1313-7514. Формите на собственост като детерминанти на планирането и регулирането – The forms of ownership as determinants of planning and regulation (in Bulgarian).

# I ТАРАУ. КҮШТІК ТРАНСФОРМАТОРЛАРДЫҢ ЖҰМЫС ИСТЕУ ПРОЦЕССІНІҢ АНАЛИТИКАЛЫҚ КӨРІНІСІ

## Кіріспе

Трансформаторлар деп екі (немесе одан да көп) индуктивті байланысқан орамалардан тұратын және де айнымалы тоқтың бірінші жүйесін (бірінші) тікелей электромагниттік индукцияның пайда болуы арқылы айнымалы тоқтың басқа (екінші) жүйесіне өзгеретін электромагниттік құрылғыны айтамыз[42].


Айнымалы тоқтың екінші жүйесі оның бірінші жүйесінен кез – келген параметрлерімен: кернеу және тоқ мәні, фазалар саны, жиілігімен және кернеудің (тоқтың) қисық сызықты формасымен ерекшеленеді. Электротехникалық қондырғыларда көбінесе қолданылатын, энергетикалық жүйеде электр энергияны таратуда кернеу мен тоқтың мәнін өзгеретін күштік трансформаторлар қорданылады. Мұнда фазалар саны, кернеудің (тоқтың) қисық сызықты формасы және жиілік өзгеріссіз қалады

Пайдалану мақсатына қарай трансформаторлар жалпы және арнайы болып болінеді. Жалпы мақсаттағы күштік трансформаторлар: тарату желілерінде, әр түрлі электр қондырғыларда керекті кернеуді алу үшін қолданылажы. Арнайы мақсаттағы трансформаторларға: пештік және дәнекерлік, автоматика құрылғыларындағы (пик – трансформаторлары, импульстік, жиілік арттырғыш), өлшеуіш және сынақ жасауға арналған трансформаторлар.

### 1.1. Трансформаторлардың жұмыс істеу принципі мен конструкциясы

Қазіргі заманғы трансформаторлар әр түрлі конструктивті элементтерден тұрады: магнит өзекшесінен, орамалардан, бактен. Трансформатордың активті бөлігін магнит өзекшесіне орнатылатын стержінмен жабдықталатын орама құрайды, ал қалған элементтері қосымша бөліктері болып есептеледі.

Қарапайым трансформаторлар ферромагниттік материалдан жасалатын магнит өзегінен тұрады және магнит стержініне орналасқан екі орамадан тұрады (сурет 1.1.1, а). Бірінші орама кернеуі  $U_1$  айнымалы тоқтың Г қорек қөзіне жалғанады



Сұлба 1.1.1. Электромагниттік (а) және принципиалды (б)

ал екінші орама тұтынушыға  $Z_n$  жалғанады.

Бірінші ораманы айнымалы тоқ қорек көзіне қосқан кезде магнит өзекшесінде айнымалы магнит ағынын  $\Phi$  пайда болдыратын осы орама арқылы  $i_1$  тоғы өтеді. Бұл ағым магнит өзекшесінде тұйықталып екі (бірінші және екінші) ораманың бойымен жүріп сосын осы екі орамада ЭКК тудырады:

Бірінші орамадағы өздік индукцияның ЭКК

$$e_1 = -w_1 \frac{d\Phi}{dt}, \quad (1.1.1)$$

Екінші орамадағы өздік индукцияның ЭКК

$$e_2 = -w_2 \frac{d\Phi}{dt}, \quad (1.1.2)$$

мұнда  $w_1$  және  $w_2$  – трансформатордың бірінші және екінші орамаларындағы орам саны [43].

$Z_n$  жүктемесін трансформатордың екінші орамасының шығыс үштарына жалғаған кезде  $e_2$  ЭКК әсерінен осы орама торабында  $i_2$  тоғы пайда болып, ал осы екінші ораманың үштарында  $U_2$  кернеуі пайда болады [57].

Жоғарлатқыш трансформаторларда  $U_2 > U_1$  ал тәмендеткіш трансформаторларда  $U_1 < U_2$ . (1.1.1) және (1.1.2) орамаларда туындайтын ЭКК  $e_1$  және  $e_2$  бір – бірінен айырмашылығы тек әр түрлі орам сандарының  $w_1$  және  $w_2$  болуында екені көрініп тұр.

Жоғары кернеу торабына жалғанатын трансформатор орамасын жоғары кернеулі ЖК орама деп; ал тәменгі кернеу торабына жалғанатын трансформатор орамасын тәменгі кернеулі ТК орама деп айтады.


Трансформатор – айнымалы тоқ аппараты. Егер оның бірінші орамасын тұрақты тоқ көзіне қоссак, онда трансформатордың магнит өзекшесінде болатын магнит ағымы шамасы жағынан да бағыты ( $d\Phi/dt=0$ ) бойынша да тұрақты болады, сол себептен трансформатор орамаларында ЭКК туындармайды, сондықтан да бірінші тораптан электр энергиясы екінші торапқа берілмейді.

Трансформаторлардың жіктелуі:

- салқыннату жүйесі бойынша – ауамен (құрғақ трансформаторлар) және маймен (май трансформаторлары) салқыннату;
- фазалап саны бойынша – бір және үш фазалы;
- магнит өзекшесінің формасы бойынша – стержінді, брондық, броностержіндік және торидалді;
- ораманың саны бойынша фазага – екі орамалы, көп орамалы.


*Магнит өзекшесі* – бұл екі функция орындарды: біріншісі ол трансформатордың негізгі магнит ағымын тұйықтайтын магниттік байланысты құрайды; екіншісі ол ораманың қайталама қосқыштардың шығыстарының орнатылуы мен бекітілуіне негіз болады. Магнит өзекшесі бірінің үстіне бірі

жанасу (шихтілеу) конструкциясы бойынша орындалатын қалыңдығы  $0,27 \div 0,5$  екі жағынын қапталатын оқшаулама пленкасымен жасалатын стальдан тұрады. Магнит өзекшесінің мұндай конструкциясы айнымалы магнит ағымы бойынша туындастын құйын тоқтарын шектеу арқылы трансформаторда энергия шығыны шамасын азайуына алып барады.



Сурет 1.1.2. Орамасымен бірге стержін типтегі магнит өзекшесі

Стержін типтегі магнит өзекшесінде (сурет 1.1.2) стержіндер вертикалды орналасыды, ол стержіндерге асты мен үстінен ярмалармен 3 түйікталатын орамалар 2 онатылады. Эр стержінге өзіне тиесілі фазасы бойынша орамалар онатылады: соңғы екі стержінде –  $\Phi_A$  және  $\Phi_C$  ағымдары, ал ортаңғы стержінде  $\Phi_B$ . Стержіндер диаметрі  $d$  (сурет 1.1.3) шеңбер секілді болып келетін сатылы қима бойынша жиналады.




Сурет 1.1.3. Стержін қимасының формасы:

- а – аз және орташа қуаттағы трансформаторлар,
- б – жоғары қуаттағы трансформаторлар


Брондық типтегі магнит өзекшесі орамаларды (сурет 1.1.4) жеке қаптайтын стержіндер мен ярмалардан тұрады. Брондық типтегі магнит өзекшесінде магнит ағымы стержінде ярмалардың магнит ағымынан екі есе көп болады, себебі эр ярманың қимасы стержін қимасынан екі есе аз болады. Магнит өзекшесін дайындау технологиясының қын болуына байланысты

брондық типтегі магнит өзекшесін пайдалану көп қолданыс таппаған, оларды тек аз қуатты қүштік трансформаторларда қолданады (радиотрансформаторлар)




Сурет 1.1.4. Брондық типтегі бір фазалы трансформатор  
а – құрылышы, б – сыртқы көрінісі

Жоғары қуаттағы трансформаторларға броностержіндік (сурет 1.1.5) магнит өзекшесін пайдаланады. Жасау барысында электр техникалық стальдың шығыны көп болады, бірақ магнит өзекшесінің биектігін ( $H_{BC} < H_C$ ) кішірейтуге мүмкіндік береді, яғни трансформатордың да биектігі кішірейеді.



Сурет 1.1.5. Броностержінді трансформаторлардың магнит өзекшелегі

Стержіндік магнит өзекшесін жасау үшін стержіндер мен ярмаларды бір – бірімен біріктіру қажет, ол үшін бірінің үстіне бірі жанасу (шихтілеу) конструкциясы мен бірлестіру конструкциясы қолданылады [14].




Сурет 1.1.6. Магнит өзекшелерін бірлестіру (а) және шихтілеу (б ) конструкциялары


Бірлестіру конструкциясында (сурет 1.1.6, а) стержіндер мен ярма жеке – жеке жиналады, сосын стержінге ораманы орнықтырады, одан соң құйынды тоқтарды азайту мақсатында бірлесетін элементтер арасына оқшаулағыш қаптамаларын алдын – ала қойып, стержіндер мен ярмалардың листтерін бірін бірі жабатында етіп астынғы және төменгі ярмаларды орнатады. Екі ярманы орнатқан соң барлық конструкцияны престейді және вертикальді шпилькамен тартып тастайды [22].

Күштік трансформаторлардың магнит өзекшелерін шихтілеу конструкциясы (сурет 1.1.6, б) стержіндер мен ярмаларды қабат – қабат етіп жинақтайды. Жалпы қабат 2 – 3 листті құрайды. Қазіргі таңда күштік трансформаторларын электр техникалық қорытпалысталдан жасайды. Оның магниттік қасиеті жанама бойынша жиналатын листтерден қарағанда листтердің жылжымалы түрде жинақталған формасында көп болады. Сол үшін шихтеу конструкциясында листтің бұрылу бұрышы  $90^{\circ}$  болғандықтан “сәйкес келмейтін аймақ” пайда болады. Осы аймақтарда магниттік кедергі мен магнит шығыны өсуі байқалады. Бұл құбылысты төмендету мақсатында шихтілеуге кетік көрінісін беретін пластиналар қолданылыды. Бұл жағдайда тікелей (сурет 1.1.7, а) біріктірілудің орнына қиғаш (сурет 1.1.7, б) біріктіріледі, бұл дегеніміз “сәйкес келмейтін аймақты” азайтады.

Сәйкес келмейтін аймақ



Сурет 1.1.7. Тікелей (а) және қиғаш (б) біріктіріндегі сәйкес келмейтін аймақ




Сурет 1.1.8. Ярманы престеу


Магнит өзекшесі ажырап кетпес үшін оны стальдан жасалатын сымдармен қысып тастанады. Ярмаларды З престеу және стержіндерді З біріктіру үшін стержіндердің (сурет 1.1.8) соңына қойылатын ярмалы балкаларын 2 қолданады.

Трансформатордың жұмыс істеу барысында метал бөліктерінің арасында оқшауланған аралықтарды тесіп өтуі мүмкін болатын потенциалдар айрымының әсерін болдырмау үшін магнит өзегінің қатырып бекітүге арналған детальдарын міндепті түрде жерлейді (жерге жалғайды). Жерлеу мангниттік ленталардың бірінші соңын магнит өзекшесінің стальды пластиналарының арасына жалғанумен, ал екінші соңын ярмалы балкаларының соңғы жағына жалғанумен жүзеге асады [17].

Төмен қуатты (көбінесе 1 кВА аспайтын) трансформаторлардың магнит өзекшелерін жіңішке ленталы электротехникалық қорытпалы стальды орау арқылы дайындауды. Мұндай магнит өзекшелерін бөлік – бөлік (сурет 1.1.9) етіп дайындауды, ал арасына орамаларды салған соң бір – біріне жанастырып, оларды арнайы хамутпен тартып құрастырады.



Сурет 1.1.9. Бөлініп жасалатын ленталы магнит өзекшесі




Сурет 1.1.10. Трансформатордың концентрлік және дисқілік түрдегі орамалары

*Орамалар.* Иірілген мақталықағазды жіппен немесе кабельді қағазбен оқшауланатын тікбұрышты немесе дөңгелек қимадағы сымдардан (өткізгіштерден) орташа және жоғары қуатты трансформаторлардың орамалары дайындалады. Орамалардың стержінде өзара орналасуына байланысты концентрлік және дисқілік түрдегі орамалар болып бөлінеді. Концентрлік

орамаларды цилиндір түрінде жасайды, стержіннің ортасына орнатады: стержінге жақын етіп ТК ораманы сосын оның сыртына ЖК ораманы орнатады (сурет 1.1.10, а).

Дискілік орамаларды ТК мен ЖК орамаларын бөлек – бөлек секция түрінде жасап, стержінен соң бірі орналасатындағы етіп дайындауды (сурет 1.1.10, б). Дискілік орамалар арнайы тұрдегі трансформаторларға қолданылады, негізінде олардың қолданысы аз.


Конструкциалануына байланысты концентрілік орамалар: 1) цилиндірдік – номиналды тоғы 800 А дейінгі ТК орамаларға тік бұрышты қимадағы (сурет 1.1.11., а) өткізгіштің болатын бір немесе екі қабатты орама пайдаланылады.



Сурет 1.1.11. Концентрілік ораманың конструкциясы

2) винттік бір және көп жүрісті орамалар – оларды көптеген тік бұрышты қимадағы параллельді сымдардан дайындауды. Мұнда орамдар бір немесе көп жүрісі болатын винттік сызық (сурет 1.1.11, б) бойынша оралады. 3) үздіксіз орамалар (сурет 1.1.11, в) спираль бойынша “үздіксіз” оралған және бір бірімен пайкасыз байланысқан бөлек – бөлек дискті орамалардан (секциялар) тұрады.

Маймен сұйту жүйесінде трансформаторларда магнит өзекшесі орамалармен бірге бакта орналасады, бактын іші трансформатор маймен толтырылады (сурет 1.1.13). Орамалар 2 және 3 трансформатор багіне құйылатын трансформатор майында орналасады, осы трансформатор майы орамалар мен магнит өзекшесіндегі 7 қызуды өзіне сініріп, оның аудан қарағанда жылу етімділігі жоғары болуына байланысты жылуды бактың 4 қабырғасы және радиатор 5 арқылы қоршаган ортаға тез өткізіп отырады. Майдың аудан қарағанда электрлік қатандығы жоғары болғандықтан жоғары кернеулі трансформаторларда қолданыс тапқан, сондықтан бір қуаттағы майлы трансформаторлардың габариті мен салмағы сол қуаттағы құрғақ трансформаторлардан қарағанда әлде қайда кіші [13].



Сурет 1.1.13. Маймен сұтынылытын трансформатор құрылышы

Температура өзгерген кезде, май көлемін компенсация жасау үшін, майдың ауамен байланысуына байланысты оның ылғалдануы мен тотығуын болдырмас үшін “кеңейткіш” 9 қолданылады. Ол бактың қақпағында орналасады, цилиндірлік сосуд түрінде болады. Температуралың өзгеруіне байланысты май деңгейінің өзгеруі майға толтырылған бакте емес атмосферамен байланысқан “кеңейткіште” болады.

Трансформатор жұмыс істеге процессі кезінде көп газдардың бөлінуі мүмкін, оның салдары бактың ішіндегі қысымды арттырып жібереді, сол себептен бактың бұзылуын алдын – алу үшін қуаты 1000 кВА және одан да жоғары трансформаторлардың қақпағына құбыр орнатады. Құбырдың төменгі жағы бакпен, ал жоғары жағы шыны дискпен қатырылған фланецпен жанасады. Бакте қысым қауіпсіз қысымнан жоғарлаған сәтте, шыны диск сынады соын газдар ауага шығады.

Майлы трансформаторда бак пен кеңейткішті байланыстыратын құбырга газ релесі орнатылады. Трансформаторда көп газдар бөлінсе (мысалы, ораманың орамдар арасында қысқа түйікталу болған кезде), газ релесі іске қосылып, ажыратқыштың басқару тізбегінің контактісін түйіктайды, соын ажыратқыш трансформаторды тораптан ажыратады. Трансформатордың орамаларын сыртқы тізбекпен жалғауға 7 және 8 кірістерін қолданамыз. Майлы трансформатор кірістеріне жалпы өтпелі фарфорлы оқшауламалар қолданылады. Қосалқы станция аумағында трансформаторды жылжыту

мақсатында бактын астында арба орнатылады. Бактың қақпасында кернеу – кайта қосқышының бұрамасы 6 орнатылған.

Трансформатордың құрамы оның номиналды параметрлермен анықталады: 1) номиналды бірінші сзықты кернеу  $U_{1\text{ном}}$  В, кВ; 2) номиналды екінші сзықты кернеу  $U_{2\text{ном}}$  (жүктеме жалғанбай тұрған кездегі екінші ораманың ұштарындағы кернеу) В, кВ; 3) бірінші  $I_{1\text{ном}}$  және екінші  $I_{2\text{ном}}$ , А орамалардағы номиналды сзықты тоқтар; 4) номиналды толық қуат  $S_{\text{ном}}$ , кВА; (бір фазалы трансформаторға,  $S_{\text{ном}} = U_{1\text{ном}} \cdot I_{1\text{ном}}$  үш фазалы трансформаторға  $S_{\text{ном}} = \sqrt{3} \cdot U_{1\text{ном}} \cdot I_{1\text{ном}}$  ).

Номиналды сзықты тоқ трансформатордың номиналды қуаты бойынша анықталады: үш фазалы трансформаторлар үшін:

$$I_{1\text{ном}} = \frac{S_{\text{ном}} \cdot 10^3}{\sqrt{3} \cdot U_{1\text{ном}}}; \quad I_{2\text{ном}} = \frac{S_{\text{ном}} \cdot 10^3}{\sqrt{3} \cdot U_{2\text{ном}}}; \quad (1.1.3)$$

мұндағы  $S_{\text{ном}}$  үш фазалы трансформатордың номиналды қуаты, кВА.

Кез келген трансформатор айнымалы тоқ торабына белгілі бір жиілікте қосылуы қарастырылған. Өзіміздің елімізде трансформаторлар  $f=50$  Гц жиілікке арналып қарастырылады, ал кей мемлекеттерде жиілік  $f=60$  бол келеді.

## 1.2. Трансформатор кернеулерінің тендеуі

Негізгі магнит ағымы  $\Phi$  трансформатордың магнит өзекшесінде орамалардың  $\omega_1$  және  $\omega_2$  орамдары (сурет 1.1) бойынша жүріп, сол орамаларда [27]. ЭКҚ [1.1.1 және 1.1.2 формулалары] туындалады:

$$e_1 = -w_1 \frac{d\Phi}{dt}; \quad e_2 = -w_2 \frac{d\Phi}{dt}; \quad (1.2.1)$$

Егер магнит ағымын уақыт бойынша синусойдалы функция ретінде қарастырсақ, онда:

$$\Phi = \Phi_{\text{max}} \sin \omega t, \quad (1.2.2)$$

мұндағы  $\Phi_{\text{max}}$  – ағынның максималды мәні.

Онда (1.2.2) ЭКҚ  $e_1$  қойып, сосын дифференциалдан:

$$e_1 = -\omega w_1 \Phi_{\text{max}} \cos \omega t, \quad (1.2.3)$$

бірақ  $\cos \omega t = -\sin(\omega t - 2/\pi)$  онда,

$$e_1 = -\omega w_1 \Phi_{\text{max}} \sin(\omega t - \frac{2}{\pi}), \quad (1.2.4)$$

аналогты түрде,

$$e_2 = -\omega w_2 \Phi_{\max} \sin(\omega t - \frac{2}{\pi}), \quad (1.2.5)$$

(1.2.4 және 1.2.5) көрсетініміз  $e_1$  және  $e_2$  ЭКК фаза бойынша магнит ағымыннан  $2/\pi$  бұрышқа қалады. ЭКК максималды мәні:

$$E_{1\max} = \omega w_2 \Phi_{\max}. \quad (1.2.6)$$

$E_{1\max} / \sqrt{2}$  бөліп сосын  $\omega = 2\pi f$  орнына қойсақ ЭКК ( $B$ ) лездік мәнін аламыз:

$$E_1 = \frac{E_{1\max}}{\sqrt{2}} = \frac{2\pi}{\sqrt{2}} \cdot w_1 f \Phi_{\max} = 4,44 w_1 f \Phi_{\max} \quad (1.2.7)$$


Аналогты түрде ЭКК екінші орама үшін:

$$E_2 = 4,44 w_1 f \Phi_{\max}. \quad (1.2.8)$$

Жоғары кернеудің ЭКК төменгі кернеудің ЭКК қатынасын трансформация коэффициенті деп аталады:

$$k = \frac{E_1}{E_2}; \quad (1.2.9)$$

Практикалық есептеулерде трансформация коэффициентін жобамен ЖК мен ТК орамаларының қатынасына тең деп алынады:  $k \approx U_{1\text{ном}} / U_{2\text{ном}}$



Сурет 1.2.1. Бір фазалы трансформатордағы магнит ағымы

Трансформатор орамаларындағы  $I_1$  және  $I_2$  тоқтары негізгі магнит ағымы  $\Phi$  маңайында шашыранды  $\Phi_{01}$  және  $\Phi_{02}$  магнит ағымдарын (сурет 1.2.1), оның әрқайсысы тек өзініндегі ораманың орамдарымен жанасады да, сол орамада шашыранды ЭКК индукциялады. Бірінші және екінші орамаларда бұл ЭКК :

$$e_{01} = -L_{01} \left( \frac{di_1}{dt} \right); \quad e_{02} = -L_{02} \left( \frac{di_2}{dt} \right), \quad (1.2.10)$$

мұндағы  $L_{01}$  және  $L_{02}$  - шашырау индуктивтілігі:

Шашыранды ЭКК әсерлік мәндері сәйкесінше орамдардың тоқтарына пропорционалды:

$$\dot{E}_{01} = -j_1 x_1; \quad \dot{E}_{02} = -j_2 x_2, \quad (1.2.11)$$

мұндағы  $x_1$  және  $x_2$  – сәйкесінше бірінші және екінші орамалардағы шашыранды индуктивтік кедергі, Ом (бұл көріністегі минус белгісі шашырынды ЭКК реактивті болуын айтады). Сондықтан да трансформатор орамалардың әрқайсысында екі ЭКК: ЭКК негізгі ағымнан  $\Phi$  және ЭКК шашыранды ағымнан (бірінші орамадағы  $\Phi_{01}$  және екінші орамадағы  $\Phi_{02}$ ).

Бірінші ораманың активті кедергісіндегі кернеудің төмендеуін ескеріп, кернеуі  $U_1$  торабына жалғанған трансформатордың бірінші тізбегі үшін Кирхгофтың екінші заңы бойынша кернеу тендеуін:

$$\dot{U}_1 = \dot{E}_1 + \dot{E}_{01} = I_1 r_1. \quad (1.2.12)$$

(1.2.11) мәнін  $\dot{E}_{01}$  – қойып, трансформатордың бірінші тізбегі үшін мынадай теңдік:

$$\dot{U}_1 = (-\dot{E}_1) + jI_1 x_1 + I_1 r_1. \quad (1.2.13)$$

Жалпы кернеудің индуктивті  $jI_1 x_1$  және  $I_1 r_1$  активті түрде түсіү соншалықты жоғары емес, сондықтан жобамен трансформаторға келтірілген кернеуді  $\dot{U}_1$  ЭКК  $\dot{E}_1$  теңестірсек болады:

$$\dot{U}_1 \approx (-\dot{E}_1). \quad (1.2.14)$$

Кедергісі  $Z_H$  жүктемеге тұйықталған трансформатордың екінші тізбегі үшін:

$$\dot{E}_2 + \dot{E}_{02} = I_2 r_2 + I_2 Z_H \quad (1.2.15)$$

мұндағы  $r_2$  – екінші орамадағы активті кедергі.  $I_2 Z_H$  жүктемесіндегі кернеудің түсіү трансформатордың екінші орамасының ұштарындағы кернеу мәнін көрсетеді:

$$I_2 Z_H = U_2. \quad (1.2.16)$$

ЭКК аналогты тендеу (1.2.15) аналогты түрде бірінші тізбекке (1.13) келтіреміз. Бұл үшін (1.2.11) және (1.2.16) ескере отырып трансформатордың екінші орамасы үшін кернеу тендеуін:

$$\dot{U}_2 = \dot{E}_2 - j\dot{I}_2 x_2 - I_2 r_2 = \dot{I}_2 Z_H. \quad (1.17)$$

Бұдан көретініміз жүктелген трансформатордың шығысындағы кернеу екінші ораманың тұсу кернеуінің мәні бойынша екінші ораманың ЭКК – нен қаралғанда езгеше болады [33].

### 1.3. Магнит қозғағыш құштер мен тоқтардың тендеулері

Қарастырамыз бос жүріс режимінде жұмыс істейді (сурет 1.3.1, а), оның бірінші орамасының қысқыштарына  $U_1$  кернеуін береміз, ал екінші орамасын ажыратулы күйде қоямыз ( $I_2 = 0$ ). Осылай жағдайларда бірінші орамадағы  $I_0$  тоғын бос жүріс тоғы деп атайды.

Осы тоқ арқылы пайда болатын магнит қозғалтқыш құш трансформатордың магнит өзекшесінде максималды мәні төменде келтірілген негізгі магнит ағымын тудырады:

$$\Phi_{\max} = \frac{\sqrt{2} I_0 w_1}{R_M}, \quad (1.3.1)$$

мұндағы  $R_M$  – магнит өзекшесінің магниттік кедергісі.

Жүктемеге  $Z_H$  (сурет 1.3.1, б) екінші ораманы тұйықтаған кезде сол орамада  $I_2$  тоғы пайда болады. Сондықтан бірінші орамадағы тоқ  $I_1$  – тоғының мәнәне дейін жетеді:

МКК  $I_1 w_1$  және  $I_2 w_2$  әсерінен  $\Phi_{\max}$  ағымы пайда болады:

$$\Phi_{\max} = \frac{\sqrt{2}}{R_M} (\dot{I}_1 w_1 + \dot{I}_2 w_2), \quad (1.3.2)$$

(1.2.7) арқылы осы ағымды анықтауга болады:


$$\Phi_{\max} = \frac{E_1}{4,44 w_1 f}, \quad (1.3.3)$$

мынадай етіп  $\dot{U} \approx (-\dot{E})$ , қарастырған:

$$\Phi_{\max} \approx \frac{U_1}{4,44 f w_1}, \quad (1.3.4)$$

(1.3.4) негізгі магнит ағымының  $\Phi$  мәні трансформатор жүктемесіне тәуелді емес, сондай – ақ  $U_1$  өзгермеген [26].

$\Phi = \text{const}$  жағдайында (1.3.1) жіне (1.3.2) формулаларын теңестіру қабылданған:



Сурет 1.3.1. Бір фазалы трансформатордағы бос жүріс (а) және жүктеме (б) режимдері

$$\frac{\sqrt{2}}{R_M} \dot{I}_0 w_1 = \frac{\sqrt{2}}{R_M} (\dot{I}_1 w_1 + \dot{I}_2 w_2) \quad (1.3.5)$$

трансформатордың МҚҚ тендеуін аламыз:

$$\dot{I}_0 w_1 = \dot{I}_1 w_1 + \dot{I}_2 w_2. \quad (1.3.6)$$

$$\dot{I}_1 w_1 = \dot{I}_0 w_1 + (-\dot{I}_2 w_2). \quad (1.3.7)$$


$\dot{I}_0 w_1$  – бөлігі трансформатордың магнит өзекшесінде негізгі магнит ағымын туындалады, ал  $-\dot{I}_2 w_2$  – екінші ораманың  $\dot{I}_2 w_2$  МҚҚ тенестіреді [16].

Активті – индуктивті жүктемеде  $Z_H = r_H + jx_H$  – болған кезде жүктеме тоғы  $I_2$  фаза бойынша екінші орамадағы ЭҚҚ  $E_2$  – дең  $\psi_2$  бұрышына қалады, МҚҚ өзінің реактивті (индуктивті) бөлігі  $\dot{I}_{2p} w_2$  – мен трансформатордың магнит өзекшесінде магнитсізделген өсерді көрсетеді:

$$\dot{I}_{2p} w_2 = \dot{I}_{2p} w_2 \sin \psi_2, \quad (1.3.8)$$

мұндағы  $\dot{I}_{2p} = \dot{I}_{2p} \sin \psi_2$  – жүктеме тоғының реактивті бөлігі.

Сурет 1.16, а трансформатордың активті – индуктивті жағдайдағы МҚҚ векторлық диаграммасы көрсетілген. Диаграммада ЭҚҚ  $\dot{E}_2$  векторы негізгі магнит ағымынан  $\dot{\Phi}_{max}$  векторынан фаза бойынша  $90^\circ$  – қа қалады, ал екінші орама  $\dot{I}_2 w_2$  МҚҚ векторы фаза бойынша ЭҚҚ  $\dot{E}_2$  – дең бұрыш  $\psi_2$  – ге қалады (сурет 1.3.2, а).



Сурет 1.3.2. Активті – индуктивті (а) және активті сыйымдылықты (б) жүктемелердегі МКК векторлық диаграммалары.

Осы диаграммадан көретініміз екінші орамадағы  $\dot{I}_{2p}w_2$  МКК реактивті (индуктивті) бөлігі негізгі магнит ағымымен  $\dot{\Phi}_{max}$  қарама – қарсы фазада болады және де трансформатордың магнит өзекшесіне магнитсізделетін әсер көрсетеді.

Трансформаторды номиналды мән аралығында жүктеп, сосын оның жұмыс істеуін байқап көрсек, негізгі магнит ағымы болмашы өзгеретінін байқаймыз және оның мәнін  $\Phi = \text{const}$  деп алуға әбден болады. Бұлай болатын себебі екінші орамадағы МКК рективті бөлігі  $\dot{I}_2 w_2$  магнит өзекшесінде бірінші орамадағы МКК компенсациялау арқылы магнитсізделетін әсерін көрсетеді:

$$(-\dot{I}_2 w_2) = \dot{I}_1 w_1 - \dot{I}_0 w_1. \quad (1.3.9)$$

Трансформатордың жүктемесі өзгерген кезде  $\dot{I}_2$  екінші орамадағы МКК  $\dot{I}_2 w_2$  өзгереді, ал бұл сәйкесінше бірінші орамадағы  $\dot{I}_1 w_1$  МКК өзінің екінші бөлігі –  $\dot{I}_2 w_2$  есебінен өзгеруіне алып келеді. Бос жүрістегі  $\dot{I}_0 w_1$  МКК келетін болсақ, ол трансформатор өзекшесінде негізгі магнит ағымын  $\Phi \approx \text{const}$  тудыруға жеткілікті болады және мәні өзгеріссіз қалады.

Трансформатор активті – сыйымдылық жүктеме  $Z_h = r_h - jx_h$  болған кезде жүктемедегі тоқ  $\dot{I}_2$  фаза бойынша  $\psi_2$  бұрышына озады, ал екінші ораманың реактивті (сыйымдылық) бөлігі  $\dot{I}_{2p}w_2$  МКК негізгі магнит ағымымен  $\dot{\Phi}_{max}$  фаза бойынша сәйкес келеді және ол трансформатордың магнит өзекшесін магниттейді (сурет 1.3.2, б). Осындай жағдайда активті – индуктивтік жүктемедегідей бірінші орамадағы МКК  $-\dot{I}_2 w_2 = \dot{I}_1 w_1 - \dot{I}_0 w_1$  екінші орамадағы МКК  $\dot{I}_2 w_2$  теңестіреді.

Тендеу (1.3.6)  $w_1$  орам сандарына бөліп, нәтижесінде алатынымыз:

$$\dot{I}_0 = \dot{I}_1 + \frac{\dot{I}_2 w_2}{w_1}, \quad \text{немесе} \quad \dot{I}_0 = \dot{I}_1 + \dot{I}'_2, \quad (1.3.10)$$

мұндағы  $\dot{I}'_2 = \frac{\dot{I}_2 w_2}{w_1}$  – бірінші ораманың орамдар санына келтірілген

жүктеме тоғы.

Басқаша айтқанда, тоқ (екінші тоқ) орамадағы  $w_1$  орамдар санымен, екінші орамадағы  $w_2$  тоқ  $I_2$  МКҚ пайда болдыратында, дәл сондай МКҚ пайда болады:

$$\dot{I}'_2 w_1 = I_2 \left( \frac{w_2}{w_1} \right) w_1 = I_2 w_2. \quad (1.3.11)$$

(1.3.10) теңдеуін өзгерту арқылы трансформатордың тоқтарының теңдеуін аламыз:

$$\dot{I}_1 = \dot{I}_0 + (-\dot{I}'_2). \quad (1.3.12)$$


Бұл теңдеуден көретініміз бірінші  $\dot{I}_1$  тоғын екі бөліктің қосындысы ретінде қарастыруға болады: магнит өзекшесінде негізгі магнит ағымын  $\Phi$  тудыратын, МКҚ  $I_0 w_1$  болдырататын  $I_0$  бөлігі мен МКҚ  $I'_2 w_1$  пайда қыла отырып трансформатордың екінші орамасындағы  $I_2 w_2$  МКҚ компенсация (төңестіріп) жасайтын  $I'_2$  бөлігі [11].

Негізгі магнит ағымы айнымалы болғандықтан, трансформатордың магнит өзекшесі асқын магниттеледі. Осының салдарынан, электр техникалық стальдың пластиналарында айнымалы магнит ағымымен пайда болатын гистерезис пен құйынды тоқтар трансформатордың магнит өзекшесінде магнит шығындарының болуына алып келеді. Магниттік шығындар қуаты активті бос жүріс тоғы (б.ж) бөлігіне эквивалент. Сол себептен б.т. тоғы екі бөлікті иеленеді: магниттелетін тоқтың көрсететін реактивті  $I_{0p}$ , магниттік шығындармен байланысты активті  $I_{0a}$ :

$$I_0 = \sqrt{I^2_0 + I^2_{0p}}. \quad (1.3.13)$$

Б.ж тоқтың активті бөлігі көп емес және  $I_0 < 0,10$  аспайды, сол себептен б.ж. тоғына белгілі бір әсерін тигізе қоймайды.

Сурет 1.1.3, б.ж тоғы  $\dot{I}_0$  мен оның бөлімдері  $\dot{I}_{0a}$  мен  $\dot{I}_{0p}$  келтірілген векторлық диаграммасы көрсетілген. Негізгі магнит ағымы  $\Phi_{max}$  векторы фаза бойынша  $\dot{I}_0$  тоғынан бұрышына  $\delta$  қалады және де оны магнит шығындарының бұрышы деп атайды. Б.ж. активті тоғының  $\dot{I}_{0a}$  өсуімен осы бұрыш та өседі және трансформатор өзекшесіндегі магнит шығынының көп болуына алып барады.



Сурет 1.3.3. Бос жүріс тоғын бөліктеге тарқатылуы

Жоғары және орташа қуатты трансформаторларда б.ж. тоқ күші номиналды бірінші тоқтың 2 – 10% құрайды. Сол себептен номиналға жақын жүктемеде  $I_0$  – ескермей және (1.3.9) теңдеуін өзгерте отырып, алатынымыз:

$$\frac{I_1}{I_2} = \frac{w_2}{w_1}. \quad (1.3.14)$$

Трансформатор орамаларындағы тоқтар орамдар санына көрі пропорционалды: аз орамдар санымен болатын орамада тоқ көп, ал көп болатын орамдар санымен болатын орамада тоқ аз [8].

#### 1.4. Келтірілген трансформатордың орын басу сұлбасы мен екінші ораманың параметрлерін келтіру және векторлық диаграммасы

Трансформация коэффициенті  $k = w_1/w_2$  шынайы трансформатор орнына эквивалентті трансформатор  $k = w_1 / w'_2 = 1$ , мұнда  $w'_2 = w_1$ . Мұндай трансформаторды келтірілген трансформатор деп атайды. Бірақ екінші орама параметрлерін келтіру, оның энергетикалық көрсеткіштерінде көрінбіу керек: келтірілген трансформатордың барлық қуаттары мен екінші орамасындағы фазалық ығысулары шынайы трансформаторлардағыдан болып қалмауы керек.

Шынайы трансформатордың екінші орамасындағы электр магниттік қуат:

$$E_1 I_1 = E'_2 I'_2. \quad (1.4.1)$$

(1.4.1) теңдеуіне келтірілген екінші тоқты  $I'_2 = I_2 w_2 / w_1$  қойып, келтірілген екінші ЭКК:

$$E'_2 = \frac{I_2}{I'_2} E_2 = \frac{I_2 w_1}{I_2 w_2} E_2 = E_2 \frac{w_1}{w_2}. \quad (1.4.2)$$

$U_2 I_2 \approx U'_2 I'_2$ , екінші ораманың келтірілген кернеуі:

$$U'_2 \approx U_2 \left( \frac{w_1}{w_2} \right). \quad (1.4.3)$$

Екінші орамадағы активті кедергідегі шығын тенденцияның шарты бойынша  $I^2_2 = I'^2_2 r'_2$ . Келтірілген активті кедергіні табамыз:

$$r'_2 = r_2 \left( \frac{I_2}{I'_2} \right)^2 = r_2 \left( \frac{w_1}{w_2} \right)^2. \quad (1.4.4)$$

Екінші ораманың келтірілген шашыранды кедтірілген индуктивті кедергісі реактивті құаттар тендеуінің шарты бойынша анықтаймыз:

$$x'_2 = x_2 \left( \frac{w_1}{w_2} \right)^2. \quad (1.4.5)$$

Трансформатордың екінші орамасының келтірілген толық кедергісі:

$$Z'_2 = r'_2 + jx'_2 = (r_2 + jx_2) \left( \frac{w_1}{w_2} \right)^2 = Z_2 \left( \frac{w_1}{w_2} \right)^2. \quad (1.4.6)$$

Екінші ораманың шығыстырына қосылған жүктеменің толық кедергісін (1.4.6) аналогиясы бойынша анықтаймыз:

$$Z'_H = Z_H \left( \frac{w_1}{w_2} \right)^2. \quad (1.4.7)$$


Келтірілен трансформатор кернеулері мен тоқтарының тендеулері:

$$\begin{aligned} \dot{U}_1 &= (-\dot{E}_1) + \dot{I}_1 \dot{Z}_1 = (-\dot{E}_1) + j \dot{I}_1 x_1 + \dot{I}_1 r_1 \\ \dot{U}'_2 &= \dot{E}'_2 - \dot{I}'_2 \dot{Z}'_2 = \dot{E}'_2 - j \dot{I}'_2 x'_2 + \dot{I}'_2 r'_2; \\ \dot{I}_1 &= \dot{I}_0 + (-\dot{I}'_2). \end{aligned} \quad (1.4.8)$$

Бұл тендеулер жүктеменің б.ж. режимінен номиналды мәніне дейінгі барлық диапазондағы трансформатор параметрлері аралығындағы аналогиялық байланысты көрсетеді [29].

Трансформаторларды есептеу мен электр магниттік процестерді зерттеуді ойнлату үшін келтірілген трансформатордың орын басу сұлбасы қолданылады. Сурет 1.4.1, а келтірілген трансформатордың эквивалентті сұлбасы келтірілген. Алдында айттылғандай, келтірілген трансформаторда  $k = 1$ , сол себептен

$\dot{E}_1 = \dot{E}'_2$ . Қортындысында А және а тоқтары, X және х нүктелері сұлбада бірдей потенциалдарда болады, яғни бұл потенциалдар келтірілген трансформатордың Т – сыйпатындағы орынбасу сұлбасында көрсетілген тоқтарды электрлі байланыстырады (сурет 1.4.1, б). трансформатордың электрлік орынбасу сұлбасында тізбектер арасындағы магниттік байланыс электрлік байланысқа өзгертілген. Келтірілген трансформатордың ЭКК мен тоқтарының теңбеулерін қанағаттандырады (1.4.8) және үш тармақтың жиынтығын көрсетеді: бірінші –  $Z_1 = r_1 + jx_1$  кедегімен және  $\dot{I}_1$  тоқпен; магниттелетін –  $Z_m = r_m + jx_m$  және  $\dot{I}_0$  тоғымен; екінші – екі кедегімен: өзіндік екінші тармақтың кедегісі  $Z'_2 = r'_2 + jx'_2$  мен жүктеме кедегісі  $Z'_H = r'_H \pm jx'_H$  және  $\dot{I}'_2$  тоғымен. Орынбасу сұлбасында жүктеме кедегісі  $Z'_H$  өзгеруімен трансформатордың жұмыс істей режимдерінің бәрі орындалады.



Сурет 1.4.1. Келтірілген трансформатордың эквивалентті (а) сұлбасы мен орынбасу сұлбасы (б)

Магниттелу тармағының параметрлері  $Z_m = r_m + jx_m$  б.т. анықталады. орынбасу сұлбасының барлық параметрлері  $Z'_H$  қоспағанда берілген трансформатор үшін тұрақты және б.ж. пен қ.з. бойынша анықталады.


Келтірілген трансформатордың кернеулері мен тоқтардың негізгі теңдеулерінің (1.4.8) орынбасу сұлбасын қолдана отырып, тоқтардың, ЭКК және кернеулер арасындағы фазалық ығысу мен қатынасын көрсететін трансформатордың векторлық диаграммасын құрамыз. Векторлық диаграмма – келтірілген трансформатордың негізгі теңдеулерінің (1.4.8) графикалық көрінісі.

Диаграмманы (сурет 1.4.2, а) салу негізгі магнит ағымының максималды мәнінің векторынан бастылады  $\Phi_{max} = E_1/(4,44fw_1)$  [38].

$I_0$  векторы фаза бойынша ағым  $\Phi_{max}$  векторынан бұрыш  $\delta$  озады, ал ЭҚҚ  $\dot{E}_1$  және  $\dot{E}'_2$  бұл вектордан  $90^\circ$  бұрышқа қалады. [тән. (1.2.4) және (1.2.5)]. Сосын  $\dot{I}'_2$  векторын саламыз.  $\dot{E}'_2$   $\dot{I}'_2$  арасындағы ығысу фазасының бұрышын анықтау үшін жүктеменің сипатын білу керек. Трансформатордың жүктемесін активті – индуктивті деп алатын болсақ, онда тоқ  $\dot{I}'_2$  векторы  $\dot{E}'_2$  векторынан мынадай бұрышқа қалады:

$$\psi_2 = \arctg \frac{x'_2 + x'_h}{r'_2 + r'_h}, \quad (1.4.9)$$

Екінші кернеудің  $\dot{U}'_2$  векторын тұрғызу үшін ЭҚҚ  $\dot{E}'_2$  векторынан құлайтын кернеудің  $j\dot{I}'_2x'_2$ мен  $j\dot{I}'_2r'_2$  векторын аламыз.  $\dot{E}'_2$  векторының соңынан  $\dot{I}'_2$  тоғы бағытымен перпендикуляр түсіреміз және онда  $j\dot{I}'_2x'_2$  векторының астына түсіреміз.



Сурет 1.4.2. Активті – индуктивті(а) және активті – сыйымдылықты (б) жүктемелердегі трансформатордың векторлық диаграммалыры.

Сосын 0 нүктесінен фаза бойынша  $\dot{I}'_2$  тоғынан бұрышы  $\psi_2 = \arctg(x'_h/r'_h)$  озатын  $\dot{U}'_2 = \dot{E}'_2 - \dot{I}'_2Z'_2$  векторын жүргіземіз.

Бірінші тоқты векторлық қосынды етіп тұрғызамыз:  $\dot{I}_1 = \dot{I}_0 + (-\dot{I}'_2)$ .  $\dot{I}_0$  векторының соңынан  $-\dot{I}'_2$  векторын  $\dot{I}'_2$  – на қарама – қарсы етіп жүргіземіз.  $\dot{U}_1 = -\dot{E}_1 + j\dot{I}_1x_1 + \dot{I}_1r_1$  векторын саламыз.  $\dot{I}_1Z_1$  векторының соңын 0 нүктесімен қосып, фаза бойынша тоқ  $\dot{I}_1$  векторынан бұрыш  $\varphi_1$  – ге озатын  $\dot{U}_1$  векторын аламыз.

Кейде трансформатордың диаграммасын орамалардың ЭКК анықтау мақсатында салады. Бұл жағдайда берілетін параметрлер екінші ораманікі болады:  $U_2$ ,  $I_2$  және  $\cos\varphi_2$ .  $w_1/w_2$  біле отырып  $\dot{U}'_2$  және  $\dot{I}'_2$  анықтайтыны, сосын бұрыш  $\varphi_2$  астына екеуін салады. Екінші орамадағы векторлық  $\dot{U}'_2$  кернеу мен түсү кернеуінің қосындисы арқылы ЭКК векторын  $\dot{E}'_2 = \dot{E}_1$  аламыз:

$$\dot{E}'_2 = \dot{U}'_2 + j\dot{I}'_2 x'_2 + \dot{I}'_2 r'_2. \quad (1.4.10)$$


Активті – сыйымдылықты жүктемеде трансформатордың векторлық диаграммасы 1.19, б. көрсетілген көріністегідей болады. Диаграмманы салу алдындағыдан болады, бірақ көрінісінде біршама өзгерістер болады. Мұндай жағдайда  $\dot{I}'_2$  тоғы фаза бойынша ЭКК  $\dot{E}'_2$  мынадай бұрышқа озады:

$$\psi_2 = \arctg \frac{x'_2 + x'_n}{r'_2 + r'_n}, \quad (1.4.11)$$

Жүктеменің белгілі сыйымдылықты бөлігінде жүктеменің сыйымдылық кедергі бөлігіндегі кернеудің түсі мен екінші орамадағы шашыранды кернеудің индуктивті түсі бір – бірін компенсация жасап отырады. Кортындысында кернеу  $\dot{U}'_2$  ЭКК  $\dot{E}'_2$  қарағанда көп боланы. Одан басқа, екінші тоқтың  $\dot{I}'_{p2} = \dot{I}'_2 \sin\psi_2$  рективті (озатын) реактивті бөлігі фаза бойынша б.ж. тоғының рективті бөлігімен сәйкес келеді, және де трансформатордың магнит өзекшесінде магниттелу әсерін көрсетеді [44].

### 1.5. Үш фазалы тоқты түрлендіру мен үш фазалы трансформатордың орамаларын жалғау сұлбасы.


Үш фазалы кернеу жүйесін түрлендіру трансформатор тобына (сурет 1.5.1, а) байланысқан бір фазалы үш трансформатор арқылы болады.



Сурет 1.5.1. Трансформатор тобы (а) және үшфазалы трансформатор (б)

60 000 кВА дейінгі қондырғыларда әдетте екі жағынан байланыстырылатын стержінде орнатылатын орамалары бар үш фазалы трансформаторларды қолданамыз. Бірақ магнит өзекшесі симметриялы болмайды: ортасындағы фазаның  $\Phi_B$  магнит ағымының кедергісі екі шетіндегі екі фазаларының  $\Phi_A$  және  $\Phi_C$  (сурет 1.5.2, а) магнит ағымының кедергісінен аз болады.

Үш фазалы трансформатордың бірінші орамаларына кернеулердің  $\dot{U}_A$ ,  $\dot{U}_B$  және  $\dot{U}_C$  симметриялы жүйесі орындалатында трансформатордың магнит өзекшесіндегі осындағы симметриялыштың жүйеде (сурет 121, б) болатын магнит ағымдары  $\dot{\Phi}_A$ ,  $\dot{\Phi}_B$  және  $\dot{\Phi}_C$  туындаиды.



Сурет 1.5.2. Үш стержінді магнит өзекшесі мен векторлық диаграммасы


Бірақ, магнит өзекшесінің магнитті симметриялы болмауына байланысты жеке фаза орамаларындағы магниттегі тоқтар бірдей емес: екі шеттегі фазалардың ( $I_{0A}$  және  $I_{0C}$ ) орамаларындағы магниттегі тоқтар ортадағы фазаның  $I_{0B}$  орамасының магниттелу тоғынан қарағанда көп. Сол себептен трансформаторға келтірілген үш фазалы кернеудің симметриялы жүйесінде б.ж. тоқтары симметриялы емес жүйені (сурет 1.5.2, в) құрайды [42].

Үш стержінді магнит өзекшесінің симметриялы емес магниттігін және шеткі фазалардың магниттік кедергілерін азайту үшін, ярманың қимасын стержіндердің қимасынан қарағанда 10 – 15% - жоғары етіп дайындаиды. Үш стержінді трансформаторда б.ж. симметриялы емес тоқтары практика жүзінде трансформатордың жұмыс кезінде байқалмайды, сондай – ақ тіптен көп емес жүктемеде тоқтардың  $I_A$ ,  $I_B$  және  $I_C$  әр түрлі мәндерде болуы байқалмайды.

Үш фазалы трансформаторлардың орамалары келесі сұлбалар бойынша жалғау қарастырылған: жұлдызша; нөлдік өткізгішімен болатын жұлдызша; үш бүршішша; нөлдік шығысымен болатын зигзак. Трансформатордың орамаларының жалғау сұлбасын бөлшек ретінде көрсетеміз, бөлімінде ЖК орамасының жалғау сұлбасы, ал бөлімінде ТК орамаларының жалғау сұлбасы көрсетіледі. Мысалы,  $Y/\Delta$  бұл дегеніміз – ЖК жұлдызшада жалғанған, ал ТК үшбүршішта жалғанған.

Зигзак етіп жалғау тек қана арнайы трансформаторлардаған қолданылады, мысалы түзеткіш құрылғыларында пайдаланылатын трансформаторларда қолданылады. ТК орамасының әр фазасын екі бөлікке бөліп жалғайды және оларды әр түрлі стержінге орнатады. Фазалық ораманың бір бөлігінің соны осы ораманың басқа стержінде (сурет 1.5.3, а) орналасқан

басқа бөлігінің соңына жалғасатында етіп орамалардың көрсетілген бөліктерін байланыстырады. Зигзак етіп жалғаған кезде орамалардың жеке бөліктерінің ЭКК геометриялық түрде есептедлі (сурет 1.5.3, б).



Сурет 1.5.3. Орамаларды зигзак түрінде жалғау

Трансформаторлардың орамаларының шығыстарын келесідей белгілейді: ЖК орамаларын – соңғы X, Y, Z сәйкес келетін орамалардың басы A, B, C; ТК орамаларын – соңғы x, y, z сәйкес келетін орамалардың басы a, b, c;


Орамаларды жүлдізша жалғаған кезде сызықтық кернеу фазалық кернеуден ( $U_L = \sqrt{3} U_\phi$ ) қараганда көп, ал орамаларды ұшбұрыштап жалғаған кезде сызықтық кернеу фазалық кернеуге ( $U_L = U_\phi$ ) тең.

Үш фазалы трансформатордың сызықтық кернеулерінің қатынастары келесідегідей анықталады:

Орамаларды жалғау сұлбасы	YY	$\Delta/Y$	$\Delta/\Delta$	Y/ $\Delta$
Сызықтық кернеулердің $w_2$ қатынасы	$w_1/w_2$	$w_1/(\sqrt{3}w_2)$	$w_1/w_2$	$\sqrt{3}w_1/$

a) *Трансформаторлардың магнит өзекшелерінің магниттелу кезіндегі құбылыстары*

Трансформатордың бірінші орамасына синусоидалы кернеу пайдада болды дейік, сондықтан магнит өзекшесінің ағымы да синусоидалы болады:  $\Phi = \Phi_{max} \sin wt$ . Бірақ, трансформатордың магнит ағымының қанығуы магниттелу тоғына пропорционалды емес, сол себепті синусоидалы ағымда  $\Phi$  магниттелетін тоқ і синусоидалы болмайды. Осы тоқтың  $i_{op} = f(t)$  қисық сызықты формасын табу үшін магнит өзекшесінің магниттелу  $\Phi = f(i_{op})$  қисық сызығын және өзгеру ағымының  $\Phi = f(t)$  графигін қолданамыз [41].



Сурет 1.5.4. магниттелу тоғының (а) графигі мен оны (б) бөліктеге жатқызылуы

Магниттелу тоғы  $i_{op} = f(t)$  графигі сурет 1.5.4, а берілген. Мұнда үстінгі сол жақ квадратта синусоидалы қисық  $\Phi = f(t)$ , ал үстінгі оң жақ квадратта магнит өзекшесінің материалының магниттелу қисығы  $\Phi = f(i_{op})$ . Оң жақ тәменгі квадратта орналасқан магниттелу тоғы  $i_{op} = f(t)$  графигін алу ушін келесідей істейміз.  $\Phi = f(t)$  графигінен 1, 2, 3, осыларды қисық магниттелуге проекциясын түсіреді және магнит ағымының таңдалған мәнімен сәйкес келетін магниттелетін тоқтың мәнін анықтайды. Соын 1, 2, 3, нүктелері арқылы  $i_{op}$  осіне вертикальды сызықтар жүргізеді де магниттелу тоғы  $i_{op} = f(t)$  қисығының геометриялық орнын аламыз. Салынғаннан белгілі болғаны синусоидалы қисығы формасында  $\Phi = f(t)$  магниттелетін тоқ пик түріндегі формасын қабылдайды. Графигін салуды жөнілдешу мақсатында бұл жағдайда гистерезис есептелеуінсіз салынатын магниттелу қисығын  $\Phi = f(i_{op})$  пайдаланамыз.

Синусоидалды емес қисықтық тоғын  $i_{op}$  синусоидалды бөліктегінен көйғаннан кейін (сурет 1.5.4, б) керетініміз, бұл тоқта негізгі (бірінші)  $i_{op1}$  гармоникадан басқа  $i_{op3}$  гармоника анық көрсетілген.

Жоғары қорытпа стальды өзекшелі трансформаторда индукция  $B = 1,4$  Тл болған кезде үшінші гармоника шамамен магниттелетін тоғының негізгі гармоникасының 30% құрайды. Айтылған тек б. ж. тоғының реактивті бөлігіне қатысты және де активті бөлігі  $i_{op}$  де синусоидалы.  $I_{op}$  жалпы 10% аспайды.  $I_0$  қарағанда  $i_0 = f(t)$  б. ж. тоғының сызығы  $i_{op} = f(t)$  қарағанда ерекшеленбейді.

б) Бос жүріс режимінде орамаларды жалғау сұлбасырың үш фазалы трансформаторлардың жұмысына әсері

Үш фазалы жүйеде үшінші гармоника тоқтары тендеулері:

$$i_{A3} = I_{3\max} \sin 3wt;$$


$$i_{B3} = I_{3\max} \sin 3(wt - 120^\circ) = I_{3\max} \sin 3wt; \quad (1.5.1)$$

$$i_{C3} = I_{3\max} \sin 3(wt + 120^\circ) = I_{3\max} \sin 3wt;$$

